

## Ертістің Павлодар өңірі халқының демографиясының тарихнамасына

Замзагуль Ә. Сабданбекова<sup>1</sup>, Айгуль М. Садықова<sup>2</sup>

Ә. Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар, Қазақстан

Corresponding author: sabdanbekova@inbox.ru

E-mail aygulsadyk@mail.ru

<sup>1</sup><https://orcid.org/0000-0003-2840-662X>,

<sup>2</sup><https://orcid.org/0000-0002-8825-4499>

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-7255-2023-142-1-76-92>

**Аңдатпа:** Мақалада Ертістің Павлодар өңірі халқының демографиялық дамуына тарихнамалық талдау жасауға ұмтылыс жасалған. Қазақстанның жекелеген аймақтары халқының әлеуметтік-демографиялық дамуын кешенді зерттеу Отандық тарихи демографияның соңғы жылдардағы ірі жетістіктерінің бірі болып табылады. Осының нәтижесінде Отан тарихындағы ірі оқиғалар мен құбылыстардың халықтың әлеуметтік-демографиялық дамуына тигізген ықпалы мен салдары арнайы, кешенді зерттеліп, көптеген тарихи оқиғалардың әлеуметтік-демографиялық салдарын терең тануға қол жеткізілді.

Халықтың әлеуметтік-демографиялық дамуының аймақтық ерекшеліктерін жіктеп, саралау мен талдау арқылы ірі оқиғалардың белгілі бір аймақ халқының дамуына тигізген ықпалын, салдарын нақты айқындап, тарихымызды терең тануға мүмкіндік туады, бүгінгі әлеуметтік-демографиялық мәселелердің себептеріне тарихи негізде ғылыми болжам жасауға мүмкіндік аламыз. Сонымен қатар әлеуметтік-демографиялық ізденістердің белгілі бір аймақтық зерттеулер аясында жүргізілуі салыстырмалы материалдардың негізін кеңейте отырып, теориялық тұрғыдан үлкен ғылыми маңызға ие бола алады.

Ұсынылып отырған мақалада Ертістің Павлодар өңірі халқының демографиялық дамуына қатысты еңбектерді патша үкіметі кезеңіндегі, кеңестік дәуірдегі және тәуелсіздік жылдарында жазылған зерттеулер деп үшке бөліп қарастырдық.

Кеңестік дәуірде жазылған еңбектердің басым бөлігінде негізінен халықтың сандық, сапалық құрамына талдау жасау, еңбек ресурстары мәселелері қамтылса, тәуелсіздік жылдарындағы еңбектерде патша үкіметінің отарлық саясатының, кеңестік саясаттың салдарларын саралауға және аймақтардың әлеуметтік-демографиялық даму ерекшеліктері және оның себептері, салдарларын талдауға көңіл бөлінгендігін бір аймақ мысалында сараланған.

**Түйін сөздер:** халық; тарихи демография; этнос; әлеуметтік құрам; көші-қон; урбанизация; демографиялық көрсеткіш; механикалық өсім.

Received 15.12.2022. Revised 15.01.2023. Accepted 17.02. 2023. Available online 30.03.2023.

For citation:

Sabdanbekova Z., Sadykova A. To the historiography of demography of the Pavlodar region // Bulletin of the L.N. Gumilyov ENU. Historical sciences. Philosophy. Religion Series. 2023. – Vol. 142. – №. 1. – P. 76-92. DOI: 10.32523/2616-7255-2023-142-1-76-92

Для цитирования:

Сабданбекова З., Садықова А. К историографии населения Павлодарского прииртышья // Вестник ЕНУ им. Л. Гумилева Серия: Исторические науки. Философия. Религиоведение. – 2023. – Т. 142. – №.1. – С. 76-92. DOI: 10.32523/2616-7255-2023-142-1-76-92

## Кіріспе

Тарихи демографияның ажырамас бөлігі болып табылатын аймақ халқының әлеуметтік-демографиялық дамуы Қазақстан тарихының аса күрделі мәселелерінің бірі болып табылады. Кеңестік жүйе тұсында жекелеген аймақ тұрмақ, республикадағы әлеуметтік-демографиялық ахуал бұрмаланып, ақиқатын ашуға мүмкіндік болмады. Бұл Қазақстан тарихи демографиясында отарлау кезеңі мен кеңестік дәуірде жүргізілген демографиялық саясатты біржақты марапаттайтын, тарихи объективті шындықтың қағидаларына қайшы, ұлттық мүддеден алыс еңбектердің дүниеге келуіне жол ашты.

Тәуелсіздігімізді алғаннан кейін еліміздегі демографиялық ахуалдың астары өткен кезеңдерде жүзеге асырылған саясатпен тығыз байланыста жатқандығы туралы мәліметтер мен мәлімдемелер көпшілік назарына ұсыныла бастады. Сонымен қатар республикада қалыптасқан демографиялық ахуалдың себеп-салдарларын, шешу жолдарын айқындау мақсатында бірнеше ғылыми конференциялар өткізіліп, демография мәселесіне қатысты ғылыми зерттеулер қолға алынып, мемлекеттік бағдарламалар қабылданды.

Осының нәтижесінде республика халқының әлеуметтік-демографиялық даму тарихын бүгінгі күн тұрғысынан қарастырып, демографиялық дамуымыздағы келеңсіз өзгерістер: көші-қон үрдісінің белең алуы, табиғи өсімнің төмендеуі, халық санының күрт кемуі т.б. себептері ашылып, мұның басты себептері еліміз бастан өткерген патша үкіметі, кеңес заманында қалыптасқан әлеуметтік-экономикалық, саяси жағдайларға тікелей байланыстылығы айқындалды. Халықтың әлеуметтік-демографиялық дамуының көкейкестілігі тарихи демографияның алдына қойған міндеттерін күшейтіп, жекелеген аймақтық зерттеулердің кен серпін алуына себеп болды.

Қазақстан халқының тарихын зерттеуде белгілі бір аймақ халқының демографиялық дамуының ерекшелігін ашу, ұқсастығын

айқындау арқылы салыстырмалы талдау жасаудың ғылыми маңызы зор. Әлеуметтік-демографиялық даму ерекшеліктерін жіктеп, саралау мен талдау арқылы ірі оқиғалардың белгілі бір аймақ халқының дамуына тигізген ықпалын, салдарын нақты айқындап, тарихымызды терең тануға мүмкіндік туады. Әлеуметтік-демографиялық ізденістердің белгілі бір аймақтық зерттеулер аясында жүргізілуі салыстырмалы материалдардың негізін кеңейте отырып, теориялық тұрғыдан үлкен ғылыми маңызға ие бола алады.

Павлодар өңірі халқының әлеуметтік-демографиялық дамуы географиялық орналасу, жер жағдайы мен мол табиғи ресурстарына негізделген әлеуметтік-экономикалық, экологиялық, отарлау және кеңестік көші-қон экспансия саясаты, әкімшілік-территориялық бөлініс т.б. сияқты факторларға байланысты өзіндік даму ерекшеліктеріне ие.

Қазақстанның тың игерілген облыстарының, өндірісті аймақтарының бірі болып табылатын бүгінгі Павлодар өңірінде жергілікті ұлттың үлесі өлке халқының жартысына 2009 жылы ғана жетті. Республикада 2003 ж. бері қарай халық санының өсуі тұрақтанса, Павлодар өңірінде әр жылдар аралығында ауытқушылықтар жиі орын алып отырады. Облыста бүгінде нәрестелердің туа біткен кемістікпен дүниеге келуі жылдан-жылға өсуде. Сондай-ақ сыртқа кетушілердің көші-қоны соңғы оқиғаларға дейін қомақты деңгейде сақталып отырды. Облыс халқының әлеуметтік-демографиялық дамуының ерекшелігін туындататын негізгі факторларды көрсете отырып, осындай күрделі мәселелердің түп-төркінін анықтап, талдау жасау және оны жоюдың уақтылы жолдарын көрсету, болашаққа тиісті бағдар жасап, облыстағы халықтың әлеуметтік-демографиялық дамуын қамтамасыз ету қажеттілігі тақырыптың көкейкестілігін анықтай түседі.

Осы тұрғыдан алғанда, Қазақстан аймақтарындағы демографиялық үдерістердің ғылыми еңбектерде зерттелу деңгейіне тарихнамалық талдау да жасау қажеттілігі

туындайды. Себебі тарихнамалық талдау тарихи үдерістердің негізгі желісін, оның елеулі құбылыстарын ғылыми тұрғыда дұрыс пайымдауға және көкейкесті мәселелерін айқындап, зерделеу үшін тарихи таным тәжірибесін пайдалануға мүмкіндік береді.

Мақалада зерттеуге алынған Ертістің Павлодар өңірі халқының әлеуметтік-демографиялық дамуын тарихнамалық талдау жасауға ұмтылыс жасалған. Осы мақсатты жүзеге асыру үшін және ғылыми еңбектердегі көзқарастарды, негізгі бағыттарды айқындап, салыстырмалы талдау жасау үшін еңбектерді революцияға дейінгі, кеңестік және тәуелсіздік жылдарында жазылған еңбектер деп үшке бөліп топтастырдық.

Осылайша Ертістің Павлодар өңірі халқының демографиясының тарихын қамтыған еңбектерге тарихнамалық талдау жасай отырып, өңір халқының тарихи демографиялық дамуына қатысты зерттеу еңбектеріндегі жетістіктер мен кемшен тұстарын айқындау. Сол арқылы облыстағы әлеуметтік-демографиялық ахуалдың болашағын бағдарлау үшін қажетті тарихи демографиялық зерттеулердің мүмкіндігін қарастыру көзделеді.

### **Зерттеу әдістері**

Зерттеудің методологиялық негізі ретінде Қазақстан тарихи демографиясында жарық көрген еңбектердегі теориялық қағидалар мен тұжырымдар басшылыққа алынды. Атап айтсақ, Қазақстан тарихи демография мектебінің ірі теоретиктері Н.Е. Бекмаханова (1980, 1986), М.Х. Асылбеков (1991, 1995, 2000, 2001), Ә.Б. Ғали (1991), М.Н. Сдықов (1995), Н.В. Алексеенко (1981, 1999), А.Н. Алексеенко (1993, 1994), М.К. Төлекова (2003), В.В. Козина (1995, 2000, 2001) т.б. сынды ғалымдардың тарихи демография саласындағы құнды еңбектері және теориялық қағидалары мен тұжырымдары зерттеудің әдістемелік негізін құрады.

Зерттеуде тарихилық, объективтілік, жан-жақтылық және басқа да ғылыми зерттеудің методологиялық принциптері негізге алынды,

сонымен қатар аймақтық демографиялық зерттеулерде тиімді пайдаланылып келе жатқан проблемалық-хронологиялық, салыстырмалы-тарихилық тәсілдерге де басты назар аударылды. Сонымен қатар, бүгінгі көзқарас тұрғысынан зерттеуге қажетті сыни талдау, саралау қағидалары басты ұстанымда болды. Және тарихи таным үшін маңызды жан-жақтылық, жүйелілік және басқа тарих ғылымының қағидалары басшылыққа алынды.

### **Талқылау**

Ертістің Павлодар өңірі – Ертіс өзені бассейніне жақын орналасқан физикалық-географиялық аумақ. Бұл тарихи географиялық түсінік ХХ ғ. 50 – жылдарының ортасында ақын-жазушылар арасында пайда болған. Бұл түсінік Ертіске жақын орналасқан аймақтың рухани атауы. Бүгінде бұл түсінік Павлодар облысы әкімшілік-аумағына енетін барлық территорияға қатысты қабылданады.

Бүгінгі Павлодар облысының территориясы ХV ғ. ортасында құрылып, негізінен қазақтың керей, уақ, найман, қыпшақ ру-тайпалары мекендеген Сібір хандығының құрамына енген (Нурбаев, 2002:89).

Патша үкіметінің әскери отарлау саясаты жылдарында Ертісті бойлай салынған әскери желі бойында бой көтерген Коряков форпосты, 1838 ж. станица, 1861 ж. қала дәрежесін алады. 1867-1868 жылдардағы уақытша ережелерге сәйкес Семей облысының құрамында Павлодар уезі құрылды.

1928 жылдың қаңтарында жаңа әкімшілік-территориялық бөлініске сәйкес, Павлодар уезі таратылып, Семей губерниясының Павлодар және Семей уездері болыстарынан және Ақмола губерниясының Петропавл уезінің бір бөлігінен Павлодар округі құрылды. Округ Баянауыл, Қызылағаш, Сейтен, Володар, Ертіс, Коряков, Павлодар, Тереңкөл, Феодоров сияқты 9 ауданнан тұрды (Справочник, 1999: 27-28).

1930 ж. 17 желтоқсанында БОАК 1930 ж. 23 шілдесіндегі қаулысын негізге ала отырып Павлодар округі таратылып, аудандық бөлініс

қалыптасты (Павлодарское Прииртышье, 2003:97).

1932-1938 жж. Павлодар өңірінің территориясы орталығы Семейдегі Шығыс Қазақстан облысына қарады. Шаруашылық пен экономикалық даму қарқыны алыстан басқаруда туғызған қиыншылықтар барысында, КСРО Жоғарғы Кеңесінің 1938 ж. қаңтарындағы бірінші сессиясы Қазақстанда жаңа облыстар құру қаулысын бекітті. Бұл қаулыға сәйкес, 1938 ж. 15 қаңтарында жаңа әкімшілік аймақ - Павлодар облысы құрылған болатын.

Қазақ КСР ОК-нің Президиумы 1938 ж. ақпанындағы отырысында қабылдаған қаулының 6 пунктінде Павлодар облысының құрамына Павлодар қаласын және Бесқарағай, Ертіс, Каганович, Куйбышев, Лозов, Максим-Горький, Павлодар, Үрлітөбе, Цюрупя, сондай-ақ Қарағанды облысының Баянауыл аудандарын еңгізу туралы шешімі қабылданып, облыс орталығы ретінде Павлодар қаласы белгіленеді (Тереник, 2002:195).

Осы мақалада қарастырылып отырған Ертістің Павлодар өңірі халқының мәселелері патшалық Ресейдің отарлық саясатында маңызды қажеттіліктің бірі болғандықтан XVIII-XIX ғасырлардан қызығушылық туғызғаны ақиқат. Қазақ даласына арнайы жіберілген статистикалық экспедициялар, саяхатшылар мен шенеуліктер ұлттық аймақтардағы саяси, әлеуметтік-экономикалық ахуал т.б. мен қатар халықтың саны, ру-тайпалардың орналасуы, қазақ қоғамындағы әлеуметтік қатынастар туралы мәліметтер жинастырды.

Атап айтар болсақ, XIX ғасырдың ортасында Ресейдің генералдар штабы офицерлері жинақтаған материалдардан құралған «Материалы для географии и статистика России» атты көп томдықтың 16 томының авторы, ресейлік шенеулік, подполковник М.М. Красовскийдің «Область сибирских киргизов» атты еңбегі осындай мағынадағы еңбектердің бірі болатын (Красовский, 1868:309-427). Еңбектің бірінші бөлімінде Сібір қырғыздарының облысына

қараған Солтүстік Шығыс Қазақстанға географиялық сипаттама беріліп, аумағы, жер,су, таулары, өсімдіктер дүниесімен қатар, сауда, почта жолдары т.б. сипаттама беріледі. Еңбектің «Тұрғындары» деп аталатын екінші бөлімінде, халықтың саны, олардың облыстың аумағында орналасуы, халықтың қозғалысы, тұрғын халықтың шыққан жері бойынша бөлінісі, облыстың көшпелі және отырықшы халқы, тұрғын халықтың физикалық және адамгершілік, азаматтық тұрғыдан сипаттамалары жасалады.

Осындай сипаттағы XIX ғ. аяғында Санкт-Петербург қаласында жарық көрген «Экономическое состояние городских поселений Сибири» атты еңбек бұған дейін шыққан «Экономическое состояние Европейских городов России» атты екі томдықтың жалғасы болып табылады. Бұл еңбекте Сібір қалалары бойынша мәліметтер қалалық қоғамдық басқарма ұсынған мәліметтерден жинақталған. Сонымен қатар, бұл еңбекте әр түрлі қалалар бойынша көрсеткіштер оңай салыстыруға қолайлы және олардың дамуын өзара салыстыруға мүмкіндік береді. Және ресми статистикалық мәлімет шындыққа сәйкес келмей жатқан жағдайда, құрастырушылар тарапынан арнайы түсініктеме берілген.

Қарастырылып отырған еңбекте Батыс Сібірдің Тобыл, Том губерниялары, Ақмола мен Семей облыстарының, Шығыс Сібірдің Енисей, Иркутск губерниялары, Якутск, Забайкал, Амур, Приморье облысы, Владивосток әскери губернаторлығының облыстары қалалары мен уездерінің орналасуы, қозғалмайтын мүлік иелерінің саны, сауда айналымы, жәрмеңкелері т.б. қатар халқы туралы құнды мәліметтер беріледі.

Павлодар қаласының орналасқан жеріне сипаттама бере отырып, жас қаланың жылдам қарқынмен дамып келе жатқанын атайды. Сондай-ақ, қалада станицамен қоса 400 үй және 3000 тұрғын халық, ал станицаның өзінде 130 үй мен 700 тұрғын халық тұратындығы туралы мәлімет беріледі. Және Павлодар қаласы мен станица халқын ата текті дворяндар, жеке



басты дворян, шенеуліктер, дін өкілдері және олардың отбасы мүшелері, көпестер, құрметі азаматтар, мещаньдар, шаруалар, төменгі әскери қызметтегі шеңділер, қызметтен кеткен және демалысқа кеткен төменгі қатардағы жауынгерлер отбасылары, казактар және олардың отбасылары, бұратаналар, жер аударылып келген қоныстанушы, шетел азаматтары деген әлеуметтік топтарға бөліп көрсеткен (Экономическое состояние городских поселений Сибири, 1882: 132-133).

Ал, революцияға дейінгі Ресейдегі ең ірі әмбебап энциклопедиялық сөздік болып табылатын Ф.А. Брокгауз және И.А. Ефронның құрастыруымен 1897 ж. жарық көрген еңбекте Павлодар уезіне арнайы тоқтала отырып, оның орналасқан жеріне сипаттама беріп, халқының басым бөлігін қырғыз-көшпелілер құрайтынды деп атап өткен. Уезд халқының қала халқын қоспағандағы саны, ер адамдар мен әйел адамдардың, уезд халқының әлеуметтік, дінді ұстануы бойынша құрамы, саны туралы нақты мәліметтер беріледі.

Осы еңбектегі деректер сүйенсек, Павлодарда 1896 ж. станицамен қоса 7624, соның ішінде қалада 4987 тұрғын халық есептелген, оның 2698 - ерлер, 2289 - әйелдер. Дворяндар - 208, дін қызметкерлері - 31, құрметті азаматтар мен көпестер - 182, мещаньдар - 4249, шаруалар - 1385 және басқалары - 97-і. Сонымен қатар, уезд халқын дінді ұстануына қарай православиялық, мұсылман т.б. топтарға бөліп қарастырады (Энциклопедический словарь, 1897:574-575). Бұл энциклопедиялық сөздікті құрастыруға сол дәуірдің көрнекті өкілдері Д.И. Менделеев, А.Н. Бекетов т.б. атсалысқан. Брокгаузбен, Ефронның бұл сөздігі бүгінде тарихи маңызы зор еңбек болып табылады.

Павлодар уезі халқына байланысты «Азиатская Россия. Люди и порядки за Уралом» деген еңбекте көптеген құнды мәліметтер табамыз. Еңбектің «Население Азиатской России» бөлімінде 1897-1911 жылдардағы генерал-губернаторлықтар аумағының жергілікті, сырттан келген халқының саны, ер адамға шаққандағы әйел адамдарының үлесі, жастық құрамы, туу

мен өлім-жітім көрсеткіштері, жекелеген облыстар бойынша халықтың ұлттық құрамы туралы айтылады. Және жекелеген уездер, соның ішінде Павлодар уезі халқының 1897-1911 ж. саны, орналасу тығыздығы туралы мәліметтер ала аламыз. Еңбекте қазақтарды қара қырғыздар деп көрсетеді. Және осы бөлімнің екінші тарауында әр халыққа этнографиялық сипаттамалар беріледі (Люди и порядки за Уралом, 1914:URL).

Яғни, көріп отырғанымыздай жоғарыда аталған еңбектер кеңестік дәуірге дейінгі Ертістің Павлодар өңірі халқы бойынша құнды мәліметтермен қамтамасыз етеді. Және осы кезеңде жарық көрген еңбектердегі Павлодар уезі халқынына қатысты мәселелер негізінен статистикалық мәліметтер болуымен ерекшеленеді. Және бұл кезеңдегі зерттеулер толыққанды халық мүддесіне арналған тарихи демографиялық зерттеулер емес, отарланған аймақтар бойынша толық ақпаратты қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асырылғанын ескеру қажет деп ойлаймыз. Себебі, патшалық Ресейге жаулап алған аумақтарындағы халық, олардың орналасуы, тұрмыс-тіршілігі, психологиясы, жер-су ресурстары т.б. туралы мәліметтер керек болды. Бұл мәліметтер арқылы өзінің саясатын жүзеге асырудың бағыт-бағдарларын айқындап отырғандығы тарихтан мәлім.

XVIII-XIX ғасырдағы қазақ рутайпаларының, соның ішінде, орта жүз ру-тайпаларының шығу тегі, орналасуы т.б. мәселелері кеңес этнологтары В.В. Востров, М.С. Мұқановтың еңбектеріне арқау болады (Востров, Муканов, 2006: 295-300.). Еңбекте араб, парсы, қытай, моңғол деректеріне, сондай-ақ мұрағат материалдары мен ғылыми басылымдарға сүйене отырып, XVIII ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың басындағы қазақ руларының этникалық тарихы мен қоныстануы зерттеледі.

Бұл еңбекте қазақ рулары мен тайпаларының шығу тегі және орналасуына байланысты әртүрлі дерек материалдары алғаш рет жинақталып, ғылыми тұрғыда талданған болатын. Әсіресе Қазақстан облыстарын этнографиялық зерттеу

материалдары құндылықты құрайды. Қарастырылып отырған бұл еңбекте Ертістің Павлодар өңірін мекендеген Орта жүз ру-тайпаларының әрбір болыс аумағында орналасу ерекшеліктері және осы ру-тайпалардың аталған жерлерде қоныстану тарихы баяндалған. Атап айтсақ, уезд аумағын Орта жүздің Арғын, Қыпшақ, Найман, Керей, Уақ тайпалары мекендегенін көрсете отырып. Уақ, керей, қыпшақ және наймандардың мұнда азшылықты құрайтынын тілге тиек етеді.

XX ғ. 20 - жылдарында ғалымдардың көңілін халықтың этникалық құрамы мен саны туралы мәселелер көп аудара бастады. Бұған басты себептердің бірі кеңестік қоғам, Автономиялық республикаларды, Кеңес Одағын құру саясаты барысында бұл мәліметтер аса құндылықты құрауында болды.

Ал, XX ғ. 30 – жылдардан бастап халық мәселесін зерттеуге тиым салынды. Себебі, 30-жылдары кеңес үкіметінің жүргізген ауылшаруашылығын күшпен ұжымдастыру жылдарындағы аштық, саяси қуғын-сүргін саясатының салдары халықтың демографиялық бет-бейнесінде айқын айшықталды. Бүгінгі күні көптеген деректердің жойылып кетуіне немесе зерттелмеуіне байланысты Қазақстан және өңірлері бойынша нақты санды айта алмай отырғанымыз айғақ.

Дегенменде, халық мемлекеттің басты байлығы, сондықтанда халықтың сандық, сапалық және әлеуметтік құрамы зерттеушілердің назарында тыс қала алмады. Демографиялық даму мәселелеріне қызығушылықтың артуы 1950-1960 жылдары күшейгені байқалады, тарихшылардың пікірінше бұл, еңбек ресурстары мәселелерінің шиеленісуімен байланысты болды. Себебі, өткен ғасырдың 50-60-жылдарында Қазақстанда ауыр өнеркәсіп салаларын дамыту қолға алынғаны белгілі. Мысалы алатын болсақ, тек Павлодар облысы аумағында құрылған Павлодар-Екібастұз территориялық-өндірістік кешенін салу, тың және тыңайған жерлерді

игеру барысында, 20- жылдардың ортасында басталған тәжірибе жалғасын тауып, сырттан жұмыс қолын тарту жоғары дәрежеде жүзеге асты. Осы кезеңдегі тарихи-демографиялық зерттеулерде бұл саясатты демографиялық көрсеткіштер арқылы дәріптеу басым болды деп айтуға болады.

Сонымен қатар, әйелдердің әлеуметтік белсенділігінің артуы, отбасы қатынастарының өзгеруі, бұрынғы демографиялық стереотиптерден алшақтау, осының барлығы халық мәселесін кешенді және жүйелі зерттеуді талап ете түсті.

Тарихшылар мен этнографтардың, әлеуметтанушылар мен қоғамтанушы т.б. ғалымдардың зерттеулерінде халықтың этникалық құрамы, халықтың сандық, сапалық және әлеуметтік дамуы мәселелері ұдайы көтеріліп отырғанымен, Отан тарихында тарихи демография саласында арнайыда, кешенді зерттеулер өткен ғасырдың 70- жылдарында ғана арнайы қолға алына бастады.

XX ғ. 70 - жылдарының аяғынан бастап қазақстандық ғалымдар бүкілодақтық халық санақтары мәліметтері негізінде кеңестік дәуірдегі Қазақстан халқының әлеуметтік-демографиялық даму мәселелерін көтере бастады. Халық санының өсуіне тарихи, шаруашылық-тұрмыстық, табиғи-климаттық, этнодемографиялық даму ерекшеліктері және әлеуметтік-мамандығының ықпалдарын талдау қолға алынды. Дегенменде, кеңестік кезеңдегі еңбектердің дені жоғарыдан араласулардың ықпалынан аса алмады десек артық кетпейміз.

Осы тұрғыда жарық көрген «Население и трудовые ресурсы городов Северного Казахстана» атты еңбекте 1939-1965 жж. Қазақстанның солтүстік облыстарының халқының саны, орналасуы, көші-қонның барысы сараланып, республиканың солтүстік облыстары қалаларындағы еңбекке қабілетті халықтың үлесінің өсуіне, олардың еңбекке тартылу деңгейінің артуына, қала халқының сандық өсіміне ықпалы қарастырылып, талдау жасалынған. Еңбекте Павлодар облысы көші-қон есебінен еңбекке қабілетті халықтың

санының артуы бойынша үшінші орынды алатындығы аталып өтіледі (Население и трудовые ресурсы, 1970:275).

XX ғ. 50-70 - жылдарындағы Қазақстан халқының өсу мәселесіне арналған ұжымдық еңбектердің бірі «Население Казахстана в 1959-1970 гг. (Структурные сдвиги и их оценка)» деп аталады. Еңбекте республиканың жекелеген облыстарының қатарында Павлодар облысы халқының осы жылдардағы сандық динамикасы, ауыл-қала халқының сандық үлесінің өзгеруі, облыстағы механикалық өсім, туудың жалпы коэффициенті бойынша облыстың республикадағы орны қарастырылып өтіледі (Население Казахстана, 1975 :42).

Туудың жалпы коэффициенті бойынша республикаларды төрт топқа: төмен, орташа, жоғары, өте жоғары деп бөліп қарастырады. Осы көрсеткіш бойынша Павлодар облысы туудың жалпы коэффициенті орташа топқа жатқызылды.

Механикалық өсім коэффициенті бойынша республика облыстарын топтауда Павлодар облысы Алматы, Қостанай, Гурьев облыстарының қатарында механикалық өсім коэффициенті ең жоғары, яғни 30% және одан жоғары топқа енді. Ең төменгі механикалық өсім коэффициенті Шығыс Қазақстан облысында анықталады.

«Население и трудовые ресурсы Казахстана (тенденции и прогнозы)» атты еңбекте демографиялық үрдіс әр қырынан алып қарастырылады. Халық санының өсуі, еңбек ресурстарының дамуындағы көші-қон үрдістерінің маңызы, қалалардың өсуіне байланысты урбандалу мәселелерін көтере отырып, осы үрдіске Павлодар облысы аумағында құрылған Павлодар-Екібастұз аумақтық-өндірістік кешенінің құрылуының маңызын айқындайды. Қазақстан аймақтарындағы көші-қонның өзіндік ерекшеліктеріне тоқтала отырып, оның ауыл-қала халқының бөлінісіне әсерін сипаттауға ұмтылады. Сонымен қатар, Павлодар облысы Шығыс Қазақстан, Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Целиноград, Орал облыстарымен бірге туу деңгейі 20-24 промиллені құрайтын

облыстар қатарына жатқызылады (Население и трудовые ресурсы, 1979 :36).

Көріп отырғанымыздай, 1970-1980 жылдарда тарихи демография саласында «көші-қон тарихы» немесе «көші-қон үдерістерін зерттеу» бойынша белсеніс күшейгенін байқауға болады. Бұл саладағы зерттеушілер өз алдына көші-қон заңдылықтарын анықтау, республикаға, қалаға жүзеге асқан көші-қонның сипатына, көші-қонға қатысқан халықтың құрамына жан-жақты талдау жасау міндетін қойды. Еңбек ресурстарының дамуындағы көші-қонның маңызы сипатындағы көзқарастар алға тартылды.

Сонымен қатар, кеңестік кезеңдегі еңбектерде «кеңес халқының» қалыптасуының тарихи алғышарттары революцияға дейін қалыптасқандығын алға тартты. Кеңестік идеологтардың пікірінше орыс емес халықтардың Ресейге қосылуы – кеңестік халықтың қалыптасуына алғышарт қалыптастырды.

Осы тұрғыда қазақ халқының империялық кезеңдегі әлеуметтік-экономикалық, мәдени өміріндегі өзгерістер қарастырылды. Сол кездегі концептуалдық көзқарас бойынша халықтың әлеуметтік құрылымындағы өзгерістер, қала тұрғындарының саны, көшпелілердің отырықшы өмірге көшуі, көші-қонның күшеюі, көп ұлтты құрамның өсуі тек оң көзқараспен бағаланды.

Кеңестік дәуірге дейінгі Қазақстандағы демографиялық үрдістер бойынша алғашқы кешенді зерттеу, белгілі тарихшы ғалым Н.Е. Бекмаханованың «Формирование многонационального состава населения Казахстана и Северной Киргизии последней четверти XVIII – 60-х гг. XIX в.» атты еңбегі болды. Еңбекте мол құжаттары ғылыми айналымға тартылып, арнайы әдістеме негізінде халықтың саны, орналасуы, ұлттық және әлеуметтік құрамы, жыныстық құрамы талданып, зерттелген (Бекмаханова, 1980:150).

Ал, «Многонациональное население Казахстана и Киргизии в эпоху капитализма (60-е годы XIX в. – 1917 г.)» атты екінші еңбекте халықтың динамикасы, қоныс

аударуы, халықтың таптық, ұлттық құрамы және қоныстандыру саясатының Қазақстан халқының көпұлтты құрамының қалыптасуына ықпалы қарастырылып, талдау жасалады. Павлодар уезіндегі халық саны, орналасуы, ұлттық құрамы және табиғи, механикалық өсім көрсеткіштері туралы құнды деректер беріледі. Халықтың демографиялық дамуы тек Қазақстанның жекелеген облыстары бойынша ғана емес, жекелеген уездер бойынша зерттелген. Мұрағаттық деректер молынан айналымға тартылған (Бекмаханова, 1986:244).

Тарихи демография саласында іргелі еңбектердің авторларының бірі - Н.В. Алексеенко. Бұл ғалымның еңбектерінде бүкілодақтық халық санақтары, статистикалық мәліметтерге сыни талдау жасалған. Оның еңбектерінде халықтың көші-қон белсенділігі мәселелеріне терең талдаулар жасалған.

Көші-қон мәселесін зерттеуде, революцияға дейінгі кезеңдегі көші-қон үдерістерін зерттей отырып, зерттеуші қоныстандыру саясатының нәтижесінде империяның ұлттық аймақтарына халық ағыны көші-қонына назар аударды. 1920-1930 жылдардағы халықтың көші-қоны кеңес үкіметінің ұжымдастыру, индустрияландыру саясатымен, саяси қуғын-сүргінмен байланысты деген пікірлерін білдірді.

Көші-қон мәселелерін зерттеген ғалымдар көші-қонның заңдылықтарын, көші-қонға қатысқан халықтың құрамы, көші-қонның сипатын айқындауға тырысты. Себебі, көші-қонды талдау оның ұйымдастырылған, стихиялық, күштеп көшіру т.б. түріне байланысты саралану қажеттілігі алға тартылды.

Ғалым Н.В. Алексеенконың «Население дореволюционного Казахстана» атты зерттеуінде XIX ғ. аяғы мен XX ғ. басындағы Қазақстан халқының қалыптасу мәселесі қарастырылған. Еңбекте Павлодар уезі қараған Семей облысындағы халық саны, құрамы, кәсібі туралы мәліметтер берілген (Алексеенко, 1981:112).

А.Н. Алексеенконың «Население Казахстана 1920-1990 гг.» еңбегі Отандық

тарихи демографияға өзіндік үлес қосқан еңбек болды. Осы автордың «Сельское население Казахстана 1920-1990 гг.» тақырыбындағы тағы бір ғылыми зерттеуінде республиканың демографиялық тарихы XX ғ. 20 – ж. ортасынан 50 – ж. аяғына дейін және 50 – ж. 90 – ж. дейінгі уақытты қамтитын екі кезеңге бөлініп, Қазақстан халқының саны мен орналасуын бес негізгі экономикалық аймақтар бойынша қарастырады (Алексеенко, 1987:24).

Жекелеген аймақтардағы осы ғасырдың 20-30 жылдарындағы халық шығынының көлемін ашуға ұмтылыс жасайды. Сондай-ақ, шығынның орнын толтыруды кеңестік дәуірде сырттан келушілер арқылы реттеді деген пікір келтіреді. Республика халқы 60 - жылдарға дейін ауыл-қала тұрғындары есебінен, ал 70 - жылдары қала тұрғындары есебінен көбейгендігін анықтап, ауыл халқының қалаға қоныс аударуын жекелеген облыс бойынша да қарастырады. Оңтүстік аймақ пен солтүстік аймақ ауыл халқының орналасу ерекшеліктерін салыстырмалы талданады.

Осы автордың Н.В. Алексеенкомен бірлесіп жазған «Население Казахстана на 100 лет (1897-1997 гг.)» атты еңбектерінде (Алексеенко, 1999:158) бірінші бүкілресейлік санақтан соңғы бүкілодақтық санақ аралығындағы кезеңдегі Қазақстан халқының сандық, сапалық, әлеуметтік құрамын халық санақтары деректері, статистикалық материалдар арқылы талдау жүргізілген. Қазақстан халқының бұл жылдардағы демографиялық дамуы бес экономикалық аймаққа бөлініп зерттеліп, Павлодар облысы солтүстік экономикалық аймаққа енгізілген. Сондай-ақ, еңбекте Павлодар облысына депортацияланған халық саны туралы құнды мәліметтер берілген.

Қазақстан халқының қалыптасуы мен дамуына арналған ғылыми еңбектердің бірі – Ф.Н. Базанованың «Формирование и развитие структуры населения Каз ССР (Национальный аспект)» атты монографиясы. Еңбекте республикааралық көші-қон ықпалындағы Қазақстан халқының ұлттық құрамының қалыптасуының тарихы зерттелген. Зерттеудің



межелік шеңбері 1920-1979 жж. аралығын қамтиды. Еңбекте автор статистикалық материалдар мен Ресей авторларының еңбектеріне сүйене отырып, Қазақстан халқының құрамындағы өзгерістерін, сандық өсуін талдайды. Көп ұлтты Қазақстан халқының қалыптасуын кеңес қоғамының «кеңестік халық» құру саясатының жетістігі ретінде қарастырып, бұған оң баға береді. Еңбектің тағы бір кемшілігі кеңес үкіметінің тәркілеу, депортация саясаттарының салдары туралы мәселе көтерілмейді.

Еңбек жалпылама зерттеу болуы себепті, республиканың жекелеген облыстары бойынша да аздаған мәліметтер келтірілген. Павлодар облысының демографиялық дамуына бұл көші-қон үрдістерінің ықпалын, «облыста өндірісте еңбек етушілердің 90 пайызын мигранттар құрады» - деп атап өтеді (Базанова, 1987:118).

Яғни, көріп отырғанымыздай, Қазақстанның демографиялық тарихына қатысты кеңес тарихшыларының еңбектеріне талдау жасау, олардың еліміздің демография тарихындағы халықтың көпұлтты құрамының қалыптасуы үрдісін сол кезеңдегі саясаттың жетістігі тұрғысынан қарастырғанын байқаймыз.

Сонымен қатар, кеңес тарихшыларының еңбектерінде біз 1920-1930 жылдардағы қазақ халқының эмиграциясының себептері, 1940 жылдардың аяғындағы халықтардың Қазақстанға депортациялануы, қазақ халқының демографиясы, экологиялық проблемалардың демографиялық салдары сияқты өзекті мәселелер көрініс таба алмағанын айтып өткен жөн.

Тарихи демография саласында үлкен серпіліс, бұл Қазақстан тәуелсіздігін жариялаған кезден бастап қарқын алды. Себебі, еліміздің егемендігін жариялауы республиканың тарихи демографиясының мәселелерін жаңа көзқараспен, шынайы зерттеуге, қазақ этносы өміріндегі қайғылы оқиғалардың беттерін ашық зерделеуге мүмкіндік берді.

Қазақстанның егемендігі жағдайындағы әлеуметтік-экономикалық және саяси

өмірдегі түбегейлі өзгерістер республикадағы демографиялық жағдайға өзіндік әсер етті. Бұл негізінен өтпелі кезеңнің жағымды және жағымсыз тенденциялары аясындағы, халықтың сандық және сапалық көрсеткіштерінің өзгеруінен, сыртқы және ішкі көші-қон үдерістерінен айқын көрінген болатын.

Тәуелсіздік жылдарында тарихи демография саласындағы зерттеулердің үлкен жетістігі, аймақтық зерттеулердің серпін алуында болды.

Тарихи демография саласында қомақты еңбектерімен танымал болған ғалымдарымыз, М.Б. Тәтімов (1990, 1999), М.Х. Асылбеков (1991), А.Н. Алексеенко (1994), М.Н. Сдықов (1995), В.В. Козина (2000), Г.Қ. Қадырқұлова (2000) мен М.К. Төлекова (2003), А.А. Какеновалар (2002) өз зерттеулерінде тарихи зерттеу әдістерін жаңарта отырып, мәселенің зерттеу шеңберін кеңейтіп, бұл ғылым саласын жоғары сатыға көтеруге қол жеткізді. Ғалымдардың ғылыми ізденістері нәтижесінде Қазақстандағы этнодемографиялық үрдістердің даму заңдылықтарын мойындауға жол ашылды. Нәтижесінде аймақтардың этнодемографиялық, әлеуметтік даму тарихын бүгінгі күн тұрғысынан зерттеуге ғылыми негіз қаланды.

Атап айтар болсақ, М.Б. Тәтімовтың «Развитие народонаселения и демографическая политика: социально-философские аспекты системного изучения и комплексной разработки», «Ауылдағы демографиялық ахуал», «Демография және Тәуелсіздік» т.б. еңбектері демография саласындағы алғашқы бүгінгі күн тұрғысынан жазылған еңбектер болып табылады. Бұл зерттеулерде алғаш рет ұлттық демографиялық саясат, көші-қон үрдістері және табиғи өсім мәселелерінің келелі тұстары сарапталады.

Белгілі ғалымдар М.Х. Асылбеков пен Ә.Б. Ғалиевтің (Асылбеков, Ғалиев, 1991:191) «Социально-демографические процессы в Казахстане (1917-1980 гг.)» атты ғылыми зерттеу еңбектерінде республика халқының әлеуметтік-демографиялық даму тарихын

алғаш рет кешенді түрде зерттеу қолға алынған болатын. Авторлар қарастырылып отырған уақыт шеңберінде Қазақстандағы көпұлтты халықтың қалыптасуы мен дамуы қалай жүзеге асқанын тарихи негізде зерттеуге қол жеткізді.

Сондай-ақ, еңбекте тарихи деректерді жаңаша көзқараста зерттеуге қол жеткізіліп, оларды салыстыру арқылы жаңа деректерді ғылыми айналымға енгізген. Қазақ халқының демографиялық даму тарихындағы өсуі мен кемуінің себептерін ашып, саны мен сапалық, ұлттық және әлеуметтік құрамын қарастырған. Отбасылық қатынастардың дамуы мәселелеріде жұмыстың бір тарауына арқау болған. XX ғ. 30 - 40 жылдарындағы табиғи өсімнің кему себептерін аша отырып, халықтың жастық, жыныстық құрамын, кәсіптік білім деңгейіне талдау жасайды.

Еңбектің Республикадағы әлеуметтік-демографиялық даму ерекшеліктері деп аталатын екінші бөлімінде кеңес үкіметі жүргізген саясаттың демографиялық салдарын айқындауға әрекет жасайды. Қазақстан қалалары қатарында 1897-1926 жылдар аралығындағы Павлодардағы халық санындағы өзгерістер, өсім деңгейі мәселелерін салыстырмалы талдайды. Павлодар облысы бойынша, тың игеру жылдарындағы сырттан көші-қонның облыс халқының сандық өсіміне әсері және осы кезеңдегі экономикалық дамудың урбандалу үрдісіне ықпалы сараланып өтіледі (Асылбеков, Галиев, 1991:191).

Халықтың табиғи өсім көздері мәселесі тарихи демографияның көкейкесті мәселелерінің бірі. Посткеңестік кезеңде халықтың табиғи өсімі проблемаларымен айналысатын қазақстандық ғалымдар тобы өте аз десек артық кетпейміз. Осы тұрғыдан алғанда, М.Х. Асылбеков пен В.В. Козинаның «Демографические процессы в Казахстане (1980-1990 гг.)» монографияларының маңызы ерекше. Еңбекте егемендік кезеңінің, XX ғасырдың аяғындағы демографиялық даму ерекшеліктері қарастырылады. Басқа мәселелермен қатар, авторлар 1980-1990 жылдардағы табиғи өсім көздері болып

табылатын - туу, өлім және неке және ажырасу жағдайларына жан-жақты талдау жасап, дағдарыс кезеңіндегі Қазақстанның демографиялық жағдайын көрсетті.

Ғалымдар өз зерттеулерінде осы уақыт мерзіміндегі халықтың сандық өзгерісі, табиғи қозғалысы, көші-қон мәселелерін назарға ала отырып, әлеуметтік құрылымы мен қызметі, білім деңгейі, ұлттық құрамын зерттеуге ерекше көңіл бөлген. Өнеркәсіп саласындағы қазақтардың үлес салмағы, білім деңгейіне талдау жасаған. Сондай-ақ, еліміздегі экология мен халықтың денсаулық мәселелерінде зерттеуден тыс қалдырмаған (Асылбеков, Козина, 1995:128).

Осы авторлардың қаламдарынан туған екінші бір туынды «Казахи (демографические тенденции)» атты еңбек. Бұл зерттеу еңбегі XX ғ. 80 - 90 жылдарындағы қазақ халқының демографиялық даму ерекшеліктерін айқындауға мүмкіндік береді. Ғалымдар Қазақстанның бүкіл халқының динамикасы аясында 80-90 жылдардағы қазақ этносының демографиялық тенденциялары: сандық динамикасы, аумақтық орналасуы, жыныстық-жас құрылымы және халықтың табиғи қозғалысы, білім деңгейі, кәсіби доминанттар мен жұмыспен қамту, көші-қон процестерін талдайды. Зерттеу жұмысында Республиканың басқа облыстарымен қатар Павлодар облысы қазақ ұлтының 1979-1999 жж. сандық динамикасы, олардың үлес салмағы қарастырылған (Асылбеков, Козина, 2000:102).

Ал, осы демограф ғалымдарымыздың «Демографическое развитие Казахстана в условиях суверенитета» атты еңбектерінде тәуелсіздік алғаннан кейінгі республикадағы халық санындағы өзгерістер, аймақтардағы олардың орналасуы, ұлттық, жыныстық, жастық ерекшеліктері және білім деңгейімен қатар көші-қон үрдісінің халық санының өзгеруіне әсері қарастырылған. Еңбекте 1989-1999 жж. санақ аралық кезеңдегі Павлодар облысы халқының орналасу тығыздығына, облыстағы балалар өлімінің деңгейіне ішінара талдау жасалған (Асылбеков, Козина, 2001:112).

Жалпы, жоғарыда қарастырылған 60-80 жылдардағы еңбектерді саралау, мынадай қорытындылар жасауға мүмкіндік береді. Яғни, ХХ ғ. 70 - жылдарындағы зерттеулерде табиғи өсім қарқынының бәсеңдеуіне байланысты әлеуметтік-экономикалық, әлеуметтік-психологиялық факторларға талдау жасау қолға алынса, 80 - жылдардың ортасында жариялылықтың ұшқынымен халықтың тұрмыс жағдайы, еңбек ету жағдайын жақсарту, еңбек белсенділігін арттыру мәселелеріне көңіл бөліне бастады.

Ал, 90-жылдардағы қоғамдық-саяси ғылымдардың дамуындағы өзгерістер Қазақстан тарихын зерттеуде ғалымдардың алға қойған мақсаттарын түбегейлі өзгертті. Қазақ этносының өміріндегі қайғылы оқиғалардың беттері ашыла бастады. Сонымен қатар, Қазақстан тарихын зерттеуде ғалымдардың алға қойған мақсаттарын түбегейлі өзгертіп қана қойған жоқ, жекелеген аймақтық зерттеулерге ерекше көңіл бөліне бастады. Әрі бұл тұрғыдағы еңбектерді жазу елдің тәуелсіздігі, өз тізгінін өзі ұстауы кезінде және республикада қалыптасқан демографиялық ахуалға байланысты да қарқын алды.

Қазақстан тарихшы-демографтары еліміз халқының тәуелсіздік жағдайындағы әлеуметтік демографиялық дамуы мен көші-қон ерекшеліктері мен нәтижелерін зерттеуге көбірек көңіл бөлді.

Тарихи демография саласында жеке аймақ бойынша қалам тартқан ғалымдарымыз А.Н. Алексеев (1994), М.Н. Сдықов (1995), В.В. Козина (2000), Г.Қ. Қадырқұлова (2000) мен М.К. Төлекова (2003), А.А. Какенова (2002) және басқалары Қазақстанның жекелеген аймақтары халқының әлеуметтік-демографиялық дамуының ерекшеліктерін ашуға қол жеткізе білді.

Тарихи демография саласындағы аймақтар зерттеулердің бірі - А.А. Какенованың «Социально-демографические процессы в Северном Казахстане в 1926-1959 гг.» атты кандидаттық диссертациясы. Диссертацияда мұрағаттық, статистикалық т.б. деректер негізінде Солтүстік Қазақстан халқының

этникалық және мәдени дамуының заңдылықтары мен аймақтық ерекшеліктері анықталады. Тарихтың бетбұрыс, күрделі және даулы кезеңіндегі аймақтың әлеуметтік және демографиялық даму проблемаларының барлық спектрі бағаланады. Халықтың демографиялық, әлеуметтік, этникалық құрылымын, білім беру және мәдени деңгейін қалыптастырудың негізгі - саяси және экономикалық факторларына талдау жасайды. Индустриаландыру саясаты, Ұлы Отан соғысы салдарының аймақ халқының әлеуметтік, этникалық құрамы және демографиялық дамуына ықпалы сараланады. Қуатты көші-қон ағындарының халықтың сандық және сапалық көрсеткіштеріне, орналасуы мен қозғалысына әсері талданған. Аймақтың қазіргі демографиялық дамуының жағымсыз беталасының бастаулары мен себептері анықталады. Халықтың әлеуметтік және материалдық әл-ауқатының проблемалары талданған.

Диссертация Солтүстік аймақты қамтуы себепті Павлодар облысына депортацияланған халық саны, көші-қонның облыстағы еңбек ресурстарының өсуіне ықпалы сараланады (Какенова, 2002:30) .

Солтүстік-Шығыс Қазақстан диаспорасының әлеуметтік-мәдени даму тарихы мәселесі А.С. Аманованың кандидаттық диссертациясында көтеріліп, жұмыс Павлодар облысы материалдары негізінде жүзеге асырылуы себепті, осы аумақта көпұлтты құрамның қалыптасуы, олардың орналасу географиясы, депортацияланған, эвакуацияланған халықтар мәселелері жұмыстың бір бөліміне арқау болған (Аманова, 2009: 29).

Солтүстік аймақ бойынша зерттеулер қатарында С.С. Самаркиннің «Социально-демографические процессы в Северном Казахстане в конце XIX – первой четверти XX века» атты кандидаттық диссертациясын атауға болады. Диссертацияда XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың бірінші ширегіндегі Солтүстік Қазақстанға кіретін Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Ақмола және Павлодар облыстардағы әлеуметтік-демографиялық

үрдістерді саяси, әлеуметтік-экономикалық даму ықпалында талдауды жүзеге асыра отырып, осы кезеңдегі халықтың табиғи қозғалысының динамикасы, көші-қон және оның демографиялық жағдайға әсерін, халықтың сандық және сапалық құрылымындағы өзгерістер, Солтүстік Қазақстан өңіріндегі этномәдени және ұлтаралық қатынастар, білім беру жүйесінің дамуы жағдайындағы халықтың білім деңгейіндегі өзгерістер, халықтың денсаулық жағдайы деңгейі зерттелген (Самаркин, 2010:30).

Ертістің Павлодар өңірі халқының демографиялық даму тарихының тарихнамасын толықтырған еңбектердің бірі - Г.Т. Шамшудинова, Ш.Д. Батырбаеваның «Материалы переписи населения как источник изучения демографической истории Казахстана (на примере Павлодарской области)» атты монографиялары. Монографияда халық санағы материалдарын деректанулық тұрғыдан зерделеу мәселелерін, ХХ ғасырда халық санағы материалдарының ақпараттық мүмкіндіктерін салыстырмалы талдай отырып, Қазақстандағы демографиялық үрдістердің өңірлік ерекшеліктері Павлодар облысының мысалында талданады. Сондай-ақ, монографияда 1999 жылы жүргізілген халық санағы мәліметтерін саралай отырып, егемендіктің алғашқы жылдарында Павлодар облысына теріс демографиялық көрсеткіштердің: халық өсімінің күрт төмендеуі, көші-қонның күшеюі, халықтың қартаюы үрдісі тән болды деген қорытынды жасайды (Шамшудинова, Батырбаева, 2014:156).

Қазақстанның солтүстік аймағының әлеуметтік-демографиялық дамуына қатысты жарық көрген соңғы жылдардағы еңбектердің бірі А. Жаркенованың докторлық диссертациясы болып табылады (Жаркенова, 2017:49).

Еңбекте ғалым, Солтүстік аймақта зерттеу кезеңінде өзіндік этнодемографиялық ахуал қалыптасқандығымен ерекшелетіндігін алға тарта отырып, осы бағыттағы негізгі үрдіс ХІХ ғ.

аяғындағы моноэтностықтан (қазақ халқының басымдығы) ХХ ғасырдағы полиэтностыққа қарай өзгеруі, одан әрі дуализациялануы (қазақ/орыс) және моноэтностыққа оралу ықтималдығында деген қорытынды жасайды. Сонымен қатар, қазіргі уақыттағы Солтүстік өңірдегі халықтың көші-қон ағынының теріс сальдосының орын алуы, егде жастағы халықтың басым болуына байланысты туу көрсеткішінің төмендеуі және өлім-жітімнің жоғары болуы аймақтағы әлеуметтік-экономикалық жаңғыруға қауіп тудырады деген көзқарасты алға тартады.

Көріп отырғанымыздай, Ресеймен шекараласқан Қазақстанның солтүстік аймақтарындағы демографиялық жағдай мемлекеттік тұрғыдан араласып, арнайы бағдарламаның қабылдануын қажет етеді. Бүгінде жүзеге асырылып жатқан оңтүстік аймақтардан халықты көшіру, Серпін бағдарламасы арқылы жастарды тарту осындай мақсаттарда жүзеге асырылып отырғаны белгілі.

Жалпы, алғанда Қазақстан тарихи демография саласындағы тәуелсіздік жылдарында жарық көрген еңбектерді зерделей отырып, біз Қазақстан тарихында кеңестік кезеңде шынайы көрсетілмеген тарихи оқиғаларды талдауға объективті көзқарасты байқаймыз. Зерттеушілер Қазақстан демографиясының көкейкесті мәселелерін аймақтар деңгейінде зерттеуді қолға алды және соның нәтижесінде салыстырмалы талдаулар жасауға қол жеткізді.

### Қорытынды

Біздің мақала көлемі көтергенше жасаған тарихнамалық талдауларымыздан мынадай қорытындылар шығаруға болады. Революцияға дейінгі зерттеушілердің еңбектерінен ХІХ ғасырдағы Павлодар өңірінің әкімшілік құрылысы, тұрғындарының саны мен шаруашылығы, ұлттық, жыныстық құрамы туралы жөнінде көптеген мәліметтер аламыз. Аталған зерттеулер отарлық саясат



мақсатындағы еңбектер болғанына қарамастан, сол кезеңдегі Павлодар өңірі бойынша құнды деректер бере алатындығымен маңызды.

Кеңестік дәуірде жазылған еңбектердің басым бөлігінде сол кезеңдегі сырттан көші-қонды жан-жақты зерттеп, көші-қонға қатысқан халықтың сандық, сапалық құрамына талдау жасай отырып, еңбек ресурстары мәселелеріне кеңінен талдау жүргізілгенін байқаймыз.

Кеңестік кезеңдегі еңбектерде сырттан жұмыс қолын тартудың этнодемографиялық салдары, осы аумақтардағы жергілікті ұлттың әлеуметтік-мәдени дамуына ықпалы

мәселелері зерттеу аясынан тыс қалып отырды десек артық болмас.

Сонымен қатар, тарихнамалық талдау, ХІХ-ХХ ғ. басындағы әлеуметтік-демографиялық үрдістердің, 20-30 жылдардағы бай-кулақтарды тап ретінде жою саясатының өңірдегі сипатын нақты мәліметтер негізінде талдау, екінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы облыстағы демографиялық ахуал, облыстағы экологиялық мәселелердің халықтың демографиясына ықпалы, бүгінгі таңдағы облыстағы көші-қон мәселелерінің арнайы зерттеуді қажет ететіндігін көрсететінін алға тартамыз.

### Әдебиеттер тізімі

Азиатская Россия [Электронный ресурс]: сборник. Т. 1: Люди и порядки за Уралом, 1914. - VIII, 578 с. URL: <http://resolver.gpntb.ru/purl?docushare/dsweb/Get/Resource> (қаралған күн: 16.02.2023)

Алексеенко А.Н. Население Казахстана 1920-1990 гг. – Алматы: Ғылым, 1993. – 125 с.

Алексеенко А.Н. Народы Восточного Казахстана. – Усть-Каменогорск, 1994. – 52 с.,

Алексеенко Н.В. Население дореволюционного Казахстана (численность, размещение, состав 1870-1914 гг.). – Алма – Ата: Наука КазССР, 1981. – 112 с.

Алексеенко Н.В., Алексеенко А.Н. Население Казахстана на 100 лет (1897-1997 гг.). – Усть-Каменогорск: РВК ПО «Полиграфия», 1999. – 158 с.

Аманова А.С. Социально-культурное развитие диаспор Северо-Восточного Казахстана в 1937-2005 гг. (на материалах Павлодарской области): Автореф. дисс. ... канд. ист. наук. – Караганда, – 2009. – 29 с.

Асылбеков М.Х., Галиев А.Б. Социально-демографические процессы в Казахстане (1917-1980 гг.). – Алма – Ата: Ғылым, 1991. – 191 с.

Асылбеков М.Х., Козина В.В. Демографические процессы в Казахстане (1980-1990 гг.). – Алматы: Атамұра, 1995. – 128 с.

Асылбеков М.Х., Козина В.В. Казахи (демографические тенденции 80-90-х годов). – Алматы: Өркениет, 2000. – 102 с.

Асылбеков М.Х., Козина В.В. Демографическое развитие республики Казахстан в условиях суверенитета. – Алматы: Өркениет, 2001. – 112 с.

Базанова Ф.Н. Формирование и развитие структуры населения Казахской ССР (Национальный аспект). – Алма – Ата: Казахстан, 1987. – 153 с.

Бекмаханова Н.Е. Формирование многонационального населения Казахстана и Северной Киргизии (последняя треть XVIII – 60 гг. – XIX в.). – М.: Наука, 1980. – 150 с.

Бекмаханова Н.Е. Многонациональное население Казахстана и Киргизии в эпоху капитализма (60-е годы XIX в. – 1917 г.). – М.: Наука, 1986. – 244 с.

Востров В.В., Муканов М.С. Родоплеменной состав и расселение казахов (конец XIX – начало XX в.). (Библиотека казахской этнографии, 16-том). – Павлодар: НПФ «ЭКО», 2006. – 422 с.

Жаркенова А. Социально-демографическое развитие населения Северного Казахстана во второй половине XIX – начале XXI в.: автореферат диссертации на соискание ученой степени доктора исторических наук. Минск, 2017. – 49 с.

Кадыркулова Г.К. Население Семиречья в 1867-1926 годы (историко-демографические аспекты проблемы): Автореф. дисс. ... канд. ист. наук. – Алматы, 2000. – 31 с.

Какенова А.А. Социально-демографические процессы в Северном Казахстане в 1926-1959 гг.: Автореф. дисс. ... канд. ист. наук. – Алматы, – 2002. – 30 с.

Козина В.В. Население Центрального Казахстана (конец XIX в. -30-е годы XX в.). – Алматы: Өркениет, 2000. – 144 с.

Материалы для географии и статистики России, собранные офицерами Генерального штаба. [Т. 16]: Область сибирских киргизов. ч. 1 / сост. Ген. штаба подполковник Красовский. - 1868. - III, 428 с., 17 л. табл.

Население и трудовые ресурсы городов Северного Казахстана. – Алма – Ата, 1970. – 275 с.

Население Казахстана в 1959-1970 гг. (Структурные сдвиги и их оценка). – Алма – Ата: Наука Казахской ССР, 1975. – 160 с.

Население и трудовые ресурсы Казахстана (тенденции и прогнозы). – Алма – Ата, 1979. – 306 с.

Нурбаев К.Ж. Из истории административно-территориального устройства Павлодарского Прииртышья // Краеведение. – 2002. – №3. – С.89-93.

Павлодарская область в цифрах и фактах прошлого по документам Государственного архива Павлодарской области и его филиалов. Справочник. – Павлодар, 1999. – 235 с.

Павлодарское Прииртышье. Энциклопедия. – Алматы: «Эверо», 2003. – 676 с.

Самаркин С.С. Социально-демографические процессы в Северном Казахстане в конце XIX – первой четверти XX века.: Автореф. дисс. ... канд. ист. наук. – Караганда, – 2010. – 30 с.

Сдыков М.Н. Население Западного Казахстана: история формирования и развития (1897-1989 гг.). – Алматы: Ғылым, 1995. – 220 с.

Тәтімов М.Б. Ауылдағы демографиялық ахуал. – Алматы: Қайнар, 1990. – 240 б.

Тәтімов М.Б. Демография және тәуелсіздік. – Алматы: Жеті жарғы, 1999. – 367 б.

Тереник М.С. Павлодар – это нашей истории строки. – Павлодар: НПФ «ЭКО», 2002. – 292 с.

Төлекова М.К. Жетісу өңірі халқының әлеуметтік-демографиялық дамуы (1897-1999 жж.): тар. ғыл. д-ры. дисс. – Алматы, 2003. – 395 б.

Экономическое состояние городских поселений Сибири. Спб., типография Министерства внутренних дел, 1882. [2], XII, 422 с.

Энциклопедический словарь Брокгауза и Ефрона: Том XXIIА (44). – СПб.: Семеновская Типолитография (И.А. Ефрона), 1897. - 500 с.

Шамшудинова Г.Т., Батырбаева Ш.Д. Материалы переписи населения как источник изучения демографической истории Казахстана (на примере Павлодарской области). – Павлодар: Кереку, 2014. -156 с.

**Замзагуль А. Сабданбекова, Айгуль М. Садықова**

*Павлодарский педагогический университет им. Әлкей Марғұлана*

### **К историографии населения Павлодарского Прииртышья**

**Аннотация:** В статье проведен историографический анализ демографического развития населения Павлодарской области. В результате комплексных исследований в контексте отдельного региона изучено влияние событий отечественной истории на социально-демографическое развитие населения, что дало возможность более глубокого выявления последствий исторических событий.

Классификация, дифференциация и анализ региональных особенностей дает возможность определения влияния на демографическое развитие населения, служит основой для научной гипотезы в определении причин социально-демографических проблем. Проведение социально-демографических исследований имеет большое научное значение, расширяет базу сравнительного материала.

Проанализированные в статье авторами труды и исследования включают публикации периода царской власти, советской эпохи и периода независимости. В дореволюционный период исследования, касающиеся населения Павлодарского региона, в основном, содержали статистические данные, представленные чиновниками царского правительства и путешественниками. Специальных исторических демографических исследований почти нет. Большая часть работ, написанных в советское время, характе-

ризуется анализом количественного и качественного состава населения, проблемами трудовых ресурсов, тогда как в работах за годы Независимости уделено внимание анализу колониальной политики царского правительства, последствий советской политики, особенностей и причин социально-демографического развития регионов в общем или одного региона в частности.

**Ключевые слова:** население; историческая демография; этнос; социальная структура; миграция; урбанизация; демографический показатель; механический прирост.

**Zamzagul A. Sabdanbekova, Aigul M. Sadykova**

*Alkey Magulan Pavlodar Pedagogical University*

### **To the historiography of the population of Pavlodar Priirtyshya**

**Abstract:** The article provides a historiographic analysis of the demographic development of the population of Pavlodar region. As a result of comprehensive research in the context of a particular region, the influence of events of national history on the socio-demographic development were studied, which made it possible to identify the consequences of historical events in more depth.

Classification, differentiation and analysis of regional features provides an opportunity to determine the impact on the demographic development of the population, serves as a basis for scientific hypothesis in determining the causes of socio-demographic problems.

In the pre-revolutionary period, studies concerning the population of the Pavlodar region consisted mainly of statistical data provided by officials of the tsarist government and travelers. There are almost no special historical demographic studies.

Pre-revolutionary studies consisted of statistical data provided by officials of the tsarist government and travelers. Most of the works written in Soviet times are characterized by an analysis of the quantitative and qualitative composition of the population, problem of labour resources. Works during the years of Independence focus on an analysis of the colonial policy of the Tsarist government, the consequences of Soviet policy, the specifics and causes of socio-demographic development of regions.

**Keywords:** population; historical demographics; ethnos; social structure; migration; urbanization; demographic indicator; mechanical growth.

### **References**

Aziatskaya\_Rossiya\_t.1\_Lyudi\_i\_poryadki\_za\_Uralom [Asian Russia [Electronic resource]: collection. T. 1: People and orders beyond the Urals]. 1914. - VIII, 578 p.

Alekseenko A.N. Naselenie Kazakhstana 1920-1990 gg. [Population of Kazakhstan 1920-1990]. (Almaty, Ğylym, 1993, 125 p.)

Alekseenko A.N. Narody` Vostochnogo Kazakhstana [People of East Kazakhstan]. (Ust`-Kamenogorsk, 1994, 52 p.)

Alekseenko N.V. Naselenie dorevolycionnogo Kazakhstana (chislennost`, razmeshhenie, sostav 1870-1914 gg.) [The population of pre-revolutionary Kazakhstan (number, location, composition 1870-1914).] (Alma – Ata, Nauka KazSSR, 1981, 112 p.)

Alekseenko N.V., Alekseenko A.N. Naselenie Kazakhstana na 100 let (1897-1997 gg.) [Population of Kazakhstan for 100 years (1897-1997).]. (Ust`-Kamenogorsk, RVK PO «Poligrafiya», 1999, 158 p.)

Amanova A.S. Social`no-kul`turnoe razvitie diaspor Severo-Vostochnogo Kazakhstana v 1937-2005 gg. (na materialah Pavlodarskoj oblasti): Avtoref. diss. ... kand. ist. Nauk [Socio-cultural development of the diasporas of North-Eastern Kazakhstan in 1937-2005. (on the materials of the Pavlodar region): Abstract of the thesis. diss. ... cand. ist. Sciences] – Karaganda, – 2009. – 29 p.

Asy`Ibekov M.Kh., Galiev A.B. Soczial`no-demograficheskie processy` v Kazakhstane (1917-1980 gg.) [Socio-demographic processes in Kazakhstan (1917-1980)]. (Alma – Ata, Ğylym, 1991, 191 p.)

Asy`Ibekov M.Kh., Kozina V.V. Demograficheskie processy` v Kazakhstane (1980-1990 gg.) [Demographic processes in Kazakhstan (1980-1990)]. (Almaty`, Atomura, 1995, 128 p.)

Asy`Ibekov M.Kh., Kozina V.V. Kazakhi (demograficheskie tendenczii 80-90-kh godov) [Kazakhs (demographic trends in the 80-90s)]. (Almaty`, Örkeniet, 2000, 102 p.)

Asy`Ibekov M.Kh., Kozina V.V. Demograficheskoe razvitie respubliki Kazakhstan v usloviyakh suvereniteta [Demographic development of the Republic of Kazakhstan in the conditions of sovereignty]. (Almaty`, Örkeniet, 2001, 112 p.)

Bazanova F.N. Formirovanie i razvitie struktury` naseleniya Kazakhskoj SSR (Naczional`ny`j aspekt) [Formation and development of the structure of the population of the Kazakh SSR (national aspect)]. (Alma – Ata, Kazakhstan, 1987, 153 p.)

Bekmakhanova N.E. Formirovanie mnogonaczional`nogo naseleniya Kazakhstana i Severnoj Kirgizii (poslednyaya tret` XVIII – 60 gg. – XIX v.) [Formation of the multinational population of Kazakhstan and Northern Kyrgyzstan (the last third of the XVIII - 60 years - XX century)] (M., Nauka, 1980, 150 p.)

Bekmakhanova N.E. Mnogonaczional`noe naselenie Kazakhstana i Kirgizii v e`pokhu kapitalizma (60-e gody` XIX v. – 1917 g.) [The multinational population of Kazakhstan and Kyrgyzstan in its era of capitalism (60s of the 20th century - 1917)]. (M., Nauka, 1986, 244 p.)

Vostrov V.V., Mukanov M.S. Rodoplemennoj sostav i rasselenie kazahov (konec HIIH – nachalo HH v.) (Biblioteka kazahskoj etnografii, 16-tom) [Tribal composition and resettlement of the Kazakhs (the end of the 19th - the beginning of the 20th century). (Library of Kazakh ethnography, 16th volume)]. (Pavlodar: NPF «EKO», 2006, 422 p.)

Zharkenova A. Social`no-demograficheskoe razvitie naseleniya Severnogo Kazakhstana vo vtoroj polovine XIX – nachale XXI v.: avtoreferat dissertacii na soiskanie uchenoj stepeni doktora istoricheskikh nauk [Socio-demographic development of the population of Northern Kazakhstan in the second half of the 19th - early 21st centuries: abstract of a dissertation for the degree of Doctor of Historical Sciences]. (Minsk, 2017, 49 p.)

Kady`rkulova G.K. Naselenie Semirech`ya v 1867-1926 gody` (istoriko-demograficheskie aspekty` problemy`): Avtoref. diss. ... kand. ist. Nauk [The population of Semirechey in 1867-1926 (historical and demographic aspects of the problem): Abstract of the thesis. diss. ... cand. hist. Sciences.] – Almaty`, 2000. – 31 p.

Kakenova A.A. Soczial`no-demograficheskie processy` v Severnom Kazakhstane v 1926-1959 gg.: Avtoref. diss. ... kand. ist. Nauk [Socio-demographic processes in Northern Kazakhstan in 1926-1959: Abstract of the thesis. diss. ... cand. hist. Sciences] – Almaty`, – 2002. – 30 p.

Kozina V.V. Naselenie Czentral`nogo Kazakhstana (konecz XIX v. -30-e gody` XX v.) [Population of Central Kazakhstan (late 20th century - 30s of the 20th century)] – (Almaty`, Örkeniet, 2000, 144 p.)

Materialy dlya geografii i statistiki Rossii, sobrannye oficerami General`nogo shtaba. [T. 16]: Oblast` sibirskih kirgizov. ch. 1 / sost. Gen. shtaba podpolkovnik Krasovskij [Materials for the geography and statistics of Russia, collected by officers of the General Staff. [T. 16]: The region of the Siberian Kirghiz. part 1 / comp. Gene. headquarters Lieutenant Colonel Krasovsky]. - 1868. - III, 428 s., 17 l. tabl.

Naselenie i trudovye resursy gorodov Severnogo Kazakhstana [ Population and labor resources of the cities of Northern Kazakhstan ] (Alma – Ata, 1970, 275 p.)

Naselenie Kazakhstana v 1959-1970 gg. (Strukturny`e sdvigi i ikh ocenka) [The population of Kazakhstan in 1959-1970 (Structural shifts and their assessment)] (Alma – Ata, Nauka Kazakhskoj SSR, 1975, 160 p.)

Naselenie i trudovy`e resursy` Kazakhstana (tendenczii i prognozy`) [Population and labor force of Kazakhstan (trends and forecasts)]. (Alma – Ata, 1979, 306 p.)

Nurbaev K.Zh. Iz istorii administrativno-territorial`nogo ustrojstva Pavlodarskogo Priirtysh`ya [From the history of the administrative-territorial structure of the Pavlodar Priirtyshye], Kraevedenie. 2002.No 3. P.89-93.

Pavlodarskaya oblast` v cifrah i faktah proshlogo po dokumentam Gosu-darstvennogo arhiva Pavlodarskoj oblasti i ego filialov. Spravochnik [Pavlodar region in figures and facts of the past according to the documents of the State Archive of Pavlodar region and its branches. Directory]. (Pavlodar, 1999, 235 p.)

Pavlodarskoe Priirtysh`e. Enciklopediya [Pavlodar Irtysh area. Encyclopedia].(Almaty, «Evero», 2003, 676 p.)

Samarkin S.S. Social`no-demograficheskie processy` v Severnom Kazakhstane v konce XIX – pervoj chetverti HH veka.: Avtoref. diss. ... kand. ist. Nauk [Socio-demographic processes in Northern Kazakhstan at the end of the 19th - the first quarter of the 20th century.: Abstract of the thesis. diss. ... cand. ist. Sciences]. – Karaganda, – 2010. – 30 s.

Sdy`kov M.N. Naselenie Zapadnogo Kazakhstana: istoriya formirovaniya i razvitiya (1897-1989 gg.) [The population of Western Kazakhstan: the history of formation and development (1897-1989)]. (Almaty`, Gylym, 1995, 220 p.)



Tätimov M.B. Auyldaғы demografialyq ahuал [Demographic situation in the village]. (Almaty, Qainar, 1990, 240 p.)

Tätimov M.B. Demografia және täuelsızdıк [Demographics and independence]. – (Almaty, Jetı jargy, 1999, 367 p.)

Terenik M.S. Pavlodar – eto nashej istorii stroke [Pavlodar is our history line]. – (Pavlodar, NPF «EKO», 2002, 292 p.)

Tölekova M.K. Jetısu öñiri halqynyñ äleumettık-demografialyq damuy (1897-1999 jj.) [Socio-demographic development of the population of Zhetysu (1897-1999)] .: diss. ... doc. hist. Sciences. – Almaty, 2003. – 395 p–Almaty`, 2003. – 395 p.

Ekonomicheskoe sostoyanie gorodskih poselenij Sibiri [Economic condition of urban settlements in Siberia]. Spb., tipografiya Ministerstva vnutrennih del, 1882. [2], XII, 422 p.

Enciklopedicheskij slovar' Brokgauza i Efrona [Encyclopedic Dictionary of Brockhaus and Efron]: Tom XXIIA (44). (SPb., Semenovskaya Tipolitografiya (I.A. Efrona), 1897, 500 p.)

Shamshudinova G.T., Batyrbaeva Sh.D. Materialy perepisi naseleniya kak istochnik izucheniya demograficheskoy istorii Kazahstana (na primere Pavlodarskoj oblasti) [Population census materials as a source for studying the demographic history of Kazakhstan (on the example of Pavlodar region)]. (Pavlodar, Kereku, 2014, 156 p.)

*Сабданбекова Замзагуль Абляшовна* – ассоциированный профессор Высшей школы гуманитарных наук, кандидат исторических наук, Павлодарский педагогический университет, ул.Торайгырова 54, Павлодар, Казахстан.

*Садыкова Айгуль Маратовна* – доцент Высшей школы гуманитарных наук, доктор PhD, Павлодарский педагогический университет, ул.Торайгырова 54, Павлодар, Казахстан.

*Sabdanbekova Zamzagul* – Associate Professor of the Higher School of Humanities, Candidate of Historical Sciences, Pavlodar Pedagogical University, 54 Toraigyrov str., Pavlodar, Kazakhstan.

*Sadykova Aigul* – Associate Professor of the Higher School of Humanities, Doctor of PhD, Pavlodar Pedagogical University, Toraigyrov str. 54, Pavlodar, Kazakhstan.